

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникациялар және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Нұрлан Б.

ҚР-ның аймағында 5G технологиясының тарату және технологиясын жобалау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

тех.ғыл.канд, профессор

 Е.Таштай

« 29 » 04 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасы аймағында 5G технологиясын тарату және технологиясын жобалау»


5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы

Орындаған:



Нұрлан Б.


Рецензия беруші

 Юсупова Г. М.

Туран университеті

РЭТ каф., ассон проф, PhD

« 30 » 04 2019 ж.



Ғылыми жетекші

ЭТЖҒТ каф. техн.ғыл.маг.,

ассистенті

 Мамадияров М.М

« 30 » 04 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты


Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

техн.ғыл.канд.

 Е.Таштай

«20» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Нұрлан Бақжан

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасы аймағында 5G технологиясын тарату және технологиясын жобалау»

Университет ректорының «16» қазан 2018 ж. № 1162-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі “25” сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

1) Сымсыз байланыс технологиясының дамуы;

2) 5G ұсынылып жатқан жобалар;

3) Есептеу бөлімі;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Желілердің салыстырмалы анализі;

ә) 5G стандартындағы цифрлық құрылғылардың байланыс жүйелеріндегі ерекшелігі;

б) Жүйеге арналған жабу алаңына жуықталған есептеу;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс).

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

- 1) В.Г.Скрынников, «Будущий облик 5G» ISSN 0013-5771, ЭЛЕКТРОСВЯЗЬ, №10,2013.
- 2) Aleksandar Tudzarov and Toni Janevski, “Functional Architecture for 5G Mobile Networks” International. Journal of Advanced Science and Technology Vol. 32, July, 2011.
- 3) В.Г.Скрынников, «5G: Облик будущих систем мобильной связи. Часть 1» журнал Технологии и средства связи №1,2015.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Сымсыз байланыс технологияларының даму кезеңдері мен тарихы	20.01.2019 - 01.03.2019	орындады
5G концепциясының жалпы көрсетілімі	02.03.2019-02.04.2019	орындады
Байланыс сапасының төмендеуінің жиынтық ықтималдығы	01.04.2019–15.04.2019	орындады.

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	PhD докторы, ЭТжҒТ каф.сениор-лекторы Смаилов Н.К.	29.04.19	

Ғылыми жетекшісі  М. М. Мамадияров
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Б. Нұрлан

Күні “29” 04. 2019 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Сымсыз байланыс технологиясының дамуы	10
1.1 Сымсыз байланыс технологияларының даму кезеңдері мен тарихы	10
1.2 Желілердің салыстырмалы анализі	12
1.3 5G ұялы желісінің архитектурасы	14
1.4 Тапсырманың қойылуы	16
2 5G ұсынылып жатқан жобалар	18
2.1 5G стандартындағы цифрлық құрылғылардың байланыс жүйелеріндегі ерекшелігі	18
2.2 5G концепциясының жалпы көрсетілімі	21
2.3 5G радиожелісіне ұсынылған архитектура	22
2.4 Ұялы байланыс желілерінің бесінші ұрпағы 5G қолданылатын D2D-коммуникациясы	26
2.5 Милиметрлік толқындар 5G желілеріне жаңа спектр аша алады	33
2.6 SAMSUNG компаниясы ұсынған көп-өлшемді смарт антенна	34
2.7 «pCell» технологиясы	37
3 Есептеу бөлімі	38
3.1 Жүйеге арналған жабу алаңына жуықталған есептеу	38
3.2 Байланыс сапасының төмендеуінің жиынтық ықтималдығы	42
3.3 Жүйенің жіберу қабілеттілігін есептеу	45
3.4 Қажетті арналар санын бағалау мен шақырымдарды жоғалту ықтималдығы	45
3.5 Тарқатулардың жинақтылық бойынша қателігін бақылау	48
3.6 Дыбысты тарату кезінде күтілім уақытын есептеу	49
3.7 Жүйеге арналған жабу алаңына мүмкін болатын есептелуі	49
Қорытынды	51
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	52
Қосымша А	

КІРІСПЕ

Мобильдік байланыс термині қазіргі заманда адамның өміріндегі ролі зор. Ол бір немесе бірнеше абоненттің орын ауыстырған кезінде де байланыспен қамтамасыз етіп отыратын радиобайланыс.

Мобильдік байланыстың дамуының бастауы сонау 1980 жылдардан бастау алады. Ол кезде тек қана ұялы телефондар дауыстық мәліметтерді таратумен ғана шектелген. Бірақ аз уақыт ішінде көптеген өзгерістерді бастан өткізген сымсыз байланыс технологиясы, қазіргі уақытта жер бетінің кез келген жерінде байланыспен қамтамасыз ете алады. Сымсыз байланыстың дамуы сонымен қатар электронды құрылғылардың дамуына да әсерін тигізді. олар тек қана планшет, телефондардың өзгеруі емес арақашықтықтан басқарылатын басқа да тұрмыста қолданылатын электронда құрылғылардың дамуына бет алды. Осы байланыстың дамуымен «барлығына бір технология» қолдану мүмкін бола ма деген пікірлер пайда бола бастады. Көптеген шетелдік ғалымдардың ойынша оны мобильдік сымсыз байланыстың бесінші ұрпағы (5G) жүзеге асыра алады деген ойларды білдірді. 5G туралы мәліметтер соңғы кезде көптеген ғылыми мақалаларда кездесе бастады. Оны ресми түрде 5G термині деп енгізілмегенмен, 5G ретінде қарастыруда. Дүние жүзі бойынша бірнеше ұйым құрылып, 5G жүзеге асыратын технологияларды тестілеуді өткізіп жатыр. 5G тіптен жаңа технология болады деп болжанып жатқан жоқ, ол тек қана 3G-4G технологиялардың жалғасы, бірнеше технологияның жиынтығы, олардың жүзеге асыра аламаған мүмкіндіктерін жүзеге асыруға тырысатын технология болып болады деп болжануда. Байланысты үздіксіз қамтамасыз ету үшін кейбір мемлекеттер архитектурасын өзгертуге ой салса, кейбіреулері антенналарды өзгертіп, бір-бірінен тіптен жақындатып жасауды ұсынады, кейбіреулері бұлтты технологияны қолдану арқылы мүмкін болады деген ұсыныстар жасайды. Бірақ ең алдымен, әрбір сымсыз байланыс технологияның дамуымен оның қуаты, электромагниттік толқындардың адам денсаулығына әсері көбейе түседі. Сондықтан, 5G технологиясы алдымен «жасыл технология» болу керек. Яғни, адамға зияны аз тиіуі керек. Энергия эффектілікті болу керек. Оған сонымен қатар келесідей талаптар қойылады:

- мәліметтерді тарату жылдамдығының бірнеше есе өсуі;
- кез келген жерде, кез келген технологиямен интернетті 1 Гбит/с қамтамасыз ету;
- байланыс сапалығын қамтамасыз ету;
- бұлттық инфрақұрылымға көшу.

1 Сымсыз байланыс технологиясының дамуы

1.1 Сымсыз байланыс технологияларының даму кезеңдері мен тарихы

Ұялы сымсыз байланыс технологиясы 1970 жылдардан бастау алды. Осы уақыт аралығында ол көптеген технологиялық революцияларды бастан өткерді. Қазіргі заманда мобильдік технологиялардың бірнеше нұсқасы бар. Мысалы: UMTS – әмбебап ұялы телекоммуникациялық жүйе, CDMA2000; LTE – төртінші ұрпақтың байланыс стандарты; WI-FI (IEEE 802.11) – сымсыз желі; WiMAX (IEEE 802.16) – сымсыз және ұялы желі. Барлық сымсыз және ұялы байланыс терминалдары IP-принципін қолданады. Яғни, барлық мәліметтер желілік деңгейде IP протоколы арқылы (Интернет протокол) жүзеге асады. Мобильді коммуникациялар өзінің жылдам эволюциясы арқылы көпке танымал болды.

3G – ұялы байланыстың үшінші ұрпағы. Ол дестелер коммутациясымен жұмыс істейді. 3G технологиясы дециметрлік толқындар ұзындығымен жұмыс істейді. 3G өзіне IMT-2000 стандартының 5 ішкі стандартын қосады. Олар: UMTS/WCDMA, CDMA2000/IMT-MC, TD-CDMA/TD-SCDMA (Қытайдың өзіндік стандарты), DECT және UWC-136. Дүние жүзінде кең таратылған келесі екі стандарт: UMTS (және W-CDMA) және CDMA2000 (IMT-MC); екеуінің негізінде CDMA стандарты жатыр.

CDMA2000 технологиясы – жіңішке жолақты арналарды IS-95 коды бойынша бөлетін жүйелерден CDMA арналарына көшкен революциялық технология. Солтүстік Америка мен Тынық мұхиты жанында орналасқан Азиялық елдерде кең тарау. Үшінші буынның мобильдік байланысы мәліметтерді пакеттермен тасымалдау негізінде құрылған. 3G үшінші буын желілері шамамен 2 ГГц ауқымында жұмыс істейді және мәліметті 14 Мбит/с-қа дейінгі жылдамдықпен тасымалдайды. UMTS (Universal Mobile Telecommunication System – ұялы электробайланыстың әмбебап жүйесі) технологиясы – GSM желілерін модернизациялау үшін арналған. Дүние жүзіне кең тараған.

3G келесі бір түрі: EDGE – Enhanced Data-Rates For GSM Evolution — каналдың үлкен өткізгіштік қабілетін қамтамасыз ететін және GPRS-пен салыстырғанда тасымалдаудың жоғары жылдамдығын қамтамасыз ететін мәлімет жөнелту технологиясы. EDGE технологиясын қолдану үшін қосымша баптаулар керек емес - EDGE қамту аймағында мобильдік телефон оны автоматты түрде таңдайды. EDGE сөзі ашып оқығанда Enhanced Data rate for GSM Evolution, яғни дамып келе жатқан GSM-желілерде мәлімет берудің жетілдірілген технологиясы дегенді білдіреді. Технологияның ерекшелігі қолданылып жүрген GSM желілеріне айтарлықтай жеңіл енгізілуі болып табылады. Бүгінде EDGE стандарты көптеген операторлық компанияларда экономикалық тиімді және қымбат тұратын 3-буын желілерінің жеткілікті

технологиялық баламасы ретінде қарастырылады. EDGE технологиясы ақпарат алмасу жылдамдығын GPRS-қа қарағанда в 2-3 есе арттыруға, жәәне желінің шамадан тыс жүктелуі кезінде 150-200 КБ/сек болатын максималды жылдамдыққа жеткізуге мүмкіндік береді. Жоғары жылдамдықты EDGE технологиясының артықшылықтары GSM желілерінің операторларына бүгіннен бастап «3-буын сервистерін» жүзеге асыруды бастауға мүмкіндік береді. Ол сервистерге мыналар жатады: нақты уақыт тәәртібіндегі мобильдік аудио/видеотрансляциялар (audio/video broadcasting), видеотелефония (video call), Интернет арқылы ойнау мүмкіндігі бар көп қолданушылық мобильдік ойындар (multiplayer games) жәәне т.б.

3G технологиясы негізгі екі базалық қызмет көрсетуге негізделген: мәліметтер тарату мен дауыс тарату.

4G енгізу жылдамдығын 100 Мбит/с жеткізді. 4G LTE мультимедиялық сервистермен, ұялы телекөрсетіліммен, видеоконференциялармен, мониторинг жүйелерімен, әр түрлі онлайн ойындармен және үстемелермен-яғни, заманауи интернеттің барлық түрлерімен қолдануды жеңілдете түсті. 4G – ұялы байланыстың төртінші ұрпағы, мәліметтер таратудың жоғары жылдамдығын және байланыс сапасының жоғарлауын сипаттайды. Төртінші ұрпаққа мәліметтерді таратуда 100 Мбит/с–тан асатын жылдамдық көрсететін технологиялар жатады. Мысалы 4G ретінде LTE және WiMax технологиялары саналады да, 1 Гбит/с теориялық жылдамдықта мәліметтер таратады. Салыстырмалы түрде максималды жылдамдық GSM (2G) үшін 240 кбит/с, ал 3G үшін 10 Мбит/с. 4G-дің ерекшелігі сол бұнда тұтынушыға 326,4 Мбит/секундқа және кері бағытқа 172,8 Мбит/секундқа (3G-ден 2 есе жылдам) дейін мәлімет жіберуді жүзеге асыра алатын жылдам интернет, бейнеқоңырау мен ұялы телекөрсетілімді көруге, т.б. көптеген қызметтерге қол жеткізе алады. 4G технологиялық жүйе деңгейінде бейнеленеді:

- OFDM модуляцияларына толық өтуімен (қайта шағылыстыру шарттарда жұмыс істеу);

- физикалық радиохаттамалары бірлескен жұмыстың келісушілігі мен деңгейде;

- биік иілгіштік пен жиілік жолақтары, жиілік ауқымдарының таңдауында әдістердің модуляциялары адаптивті қайта құрумен;

- арналық түзететін кодтаудың өте мүлтіксіз әдістерінің қолдануымен (каскадты кодтар, LDPC-тың коды, көп деңгейлі интерлигваның дамыған жүйесі мен тағы сол сияқтылар);

- (IPv6 хаттамаларға өтумен), біртұтас NGN–шы әр түрлі стандарттардың жүйелерінің кірігуіне мүмкіндік пайда болады – (мысалы MPLS–тың технологиясының негізінде желі) толық IP–ші желінің тіректік/базалық, IMS-ші платформаның қолдауы.

LTE технологиясы үшінші және екінші кезең ұялы байланыс желісі эволюциясының негізгі бағыты болып табылады. LTE базалық станциядан пайдаланушыға мәліметтерді жеткізуде 326,4 Мбит/с, кері бағытта секундына 178 Мбит теориялық жылдамдықпен қамтамасыз етеді.

Қазіргі зерттеу алаңына келген 5G технологиясы. 5G қазіргі қолданыста бар ұрпақтардың даму нәтижесі деп те атауға болады. Қолданушының тәжірибесін қолдану арқылы төртінші ұрпақтан алынған нәтижелерді асырып түсу керек. Желі абоненттері ұялы байланыстың максимальды потенциалын, жаңа сервистерді ашып көре алады. Ол операторлардың бәскелестігін асырып түсе алады. Бұл ұрпақ көптеген танымал телекоммуникациялық компаниялармен зерттелу үстінде және оның өткізілуі 2020 жылдарға тураланып отыр. 5G максимальды мәліметтерді таратудың жылдамдығы 10 Гбит/с болады деп жоспарлануда. Осы уақытта 4G мәліметтер жылдамдығы тек қағаз түрінде 1Гбит/с болып тұр, ал іс-жүзінде ол 326 Мбит/с ақпарат жылдамдығын береді.

1.2 Желілердің салыстырмалы анализі

Бұл тақырыпшада болашақ 5G технологиясы оның алдында қолданылған ұрпақтармен салыстырылады.


Кесте 1.1- 3G мен 5G арасындағы салыстырмалы анализі

3G	5G
Ол пайда болардың алдында ол жолақты 3G деп аталған	Сымсыз байланыс технологиясының бесінші ұрпағы
Кеңжолақты жиіліктерде мәліметтерді өткізу қабілетінің жоғарлығына негізделген	IPv6 интернет протоколына негізделген
Мәліметтерді таратудың максимальды жылдамдығы 3.1 Мбит/с	Мәліметтерді таратудың максимальды жылдамдығы 10 Гбит/с
Видео қол жетімділікпен қамтамасыз етеді	Жоғарғы көрсетілім мен би бағытты* кең жолақты арналарды формалауды қамтамсыз етеді
Цифрлық навигациямен қамтамасыз етеді	Виртуальды жеке желіні қамтиды
2G қабылдағышы	4G қабылдаушысы
Тігінсіз роуминг**	IP мобильділікке негізделген
Мәліметтерді таратудың жоғарғы қызметі	Мәліметтер жылдамдығы өте жоғары
Жиілікті арналарға арналған өткізу қабілеті 20 МГц жоғары	Жиілікті арналарға арналған өткізу қабілеті 28 ГГц жоғары

Кесте 1.2 - 4G мен 5G арасындағы салыстырмалы анализі

4G	5G
4G 2000 жылдары пайда болды	5G сымсыз және ұялы байланыс технологиясы нарыққа 2020 жылы шығады
4G бұл ұялы телекоммуникацияның төртінші ұрпағы	5G бұл ұялы телекоммуникацияның бесінші ұрпағы
Киілетін құрылғылармен (виртуальды ақиқат беретін шлем, ұялы телефондардық қол сағаттары және т.б.) келетін ақпаратқа динамикалық қол жетімділікті қамтамасыз етеді	Киілетін құрылғылармен (виртуальды ақиқат беретін шлем, ұялы телефондардық қол сағаттары және т.б.) келетін ақпаратқа динамикалық қол жетімділікті қамтамасыз етеді және AI қабілеттіліктермен қамтамсыз етілген
Мәліметтердің тарату қабілетін Мбит/с қамтамасыз етеді	Мәліметтердің тарату қабілетін Гбит/с қамтамасыз етеді
3G жоқ ультра кең жолақты интернетпен және мультимедиялық газетпен қамтамсыз етілген	Жылдам тізбекпен қамтылған, laptop, кең жолақты интернет қол жетімділікпен
Жиілікті арналарға арналған өткізу қабілеті 100 МГц жоғары	Жиілікті арналарға арналған өткізу қабілеті 28 ГГц жоғары
4G қателерді анықтау үшін каскадты кодалар қолданылады	5G технологиясының жоғарғы сапалы қызметі қателерді айналып өту политикасына негізделген (қателер тіптен болмайды)
CDMA көп сатылы қол жетімділік	Тек қана CDMA көп сатылы қол жетімділік емес, сонымен қатар BDMA

Әрине, бесінші ұрпақ желісінің дамуымен тек қана технологиялар емес, сонымен қатар, ұялы телефондарда жетілдіре түседі. Қазіргі уақытта көптеген смартфон шығаратын компаниялар, болашақ телефондарды көрсетілімге шығарып жатыр. 5G технологиясының беретін жаңа қызметтері мен ақпараттар көлемі тек технологияның жаңаруын емес, сонымен қатар ұялы телефондардың да жетілдіруін қажет етеді. 5G технологиясын қамтамасыз ететін телефондар өздеріне: камера, MP3 күй табақ, видео күй табақ, үлкен көлемді жады, аудио күй табақ және т.б. қосады. Бұл технология интернетке кез келген уақытта кез келген жерден кіруге мүмкіндік беру керек. Сондықтан 5G тек қана бір технология деп қарастыру қателікті болады, оны бірнеше технологиялар жиынтығы деп қарастыруымыз қажет. Сонда, 5G белгілі бір технологияларды келесі бір технологияларға ауыстыру емес, оған тағы жаңа технологияларды қосу арқылы спектрді кеңейту қарастырылады. 1.1-суретте 5G қол жетімді желісі жапыланған технологиялар жиынтығы ретінде қарастырылуда [1].




Сурет 1.1 - 5G қолжетімділік желісінің келбеті

1.3 5G ұялы желінің архитектурасы

1.2-суретте 5G радио қол жетімділік желісі көрсетілген[2]. Ол IP негізделген комбинирленген технологиялар жинағы ретінде көрсетілген. Бұл жерде көрсетілген серверлардың түрі келесідей: Ағымдағы сервер (Stream server), Мәліметтер сервері (Data server), Ақиқат уақытындағы коммуникацияға арналған сервер (Server for real-time communication), Политикалық сервер бақылау жүйесі (Control system - Policy server).

Жүйе жаңа архитектурада шешуші рөл атқаратын абоненттік терминалдан құрылған. Дәл осы терминал болашақта бағдарланған-конфигурирленген желілік технологияларының тірегі болады деп болжалануда. Әрбір терминал тарататын трафигін біріктіру арқылы бір уақытта әр түрлі сымсыз технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді. Терминал интернетке шығу үшін немесе кез келген сервисті қолдану үшін, өзіне қажетті радио қол жетімді технологияны өзі таңдайды. Одан басқа, ол сымсыз желілер мен сымды желілерлі байланыстыртатын көпір болып табылады.



Сурет 1.2 - 5G ұялы желісінің архитектурасы

Кез келген радио қол жетімді технологияны (RAT) бір уақытта демеу арқылы әрбір радио қол жетімділік үшін әртүрлі радиоинтерфейс қолданады деп болжауда. Мысалы, егер біз 4 әртүрлі RAT қол жеткізгіміз келсе, біз ұялы телефонымызда 4 түрлі қол жетімді радиоинтерфейсті қажет етеміз. Сонымен қатар, архитектура функциональды болу үшін, оларды бірнеше сағат белсенді түрде ұстап тұруымыз керек.

Жоғарыда айтылғандай, абоненттің мобильділігі бір уақытта бірнеше әртүрлі желі қамтамасыз ете алады. Атап айтқанда, нақты бір сервис үшін не анау, не мынау нұсқаны таңдаудың соңғы шешім терминалға байланысты болады. Бұнымен қоса, бір базалық станциядан басқа базалық станцияға ауысқанда пайда болатын виртуальды хэндовер мәселесі шешіледі. Хэндовер маңызды механизм болып табылады, ол мобильді желіде тігінсіз жылжуға мүмкіндік береді. Осы мәселені шешу үшін, аралық қабатындағы бағдарламаның категориясына қатысты мобильды терминалдардағы арнаулы аналитикалық үстеме өзгерістер енгізу керек болады. Болжам бойынша, бұндай үстемелердің бір бөлігі ашық бағдарламалық қамтамсыз етумен жасалады [1]. Бір радио қол жетімді RAT технологиясының спектрі басқа бір радио қол жетімді RAT технологиясына икемді бейімделеді. Сонымен бірге, платформаның қуаты да өзгереді.

5G жүзеге асырудың бірнеше тәсілдері бар. Олардың біреуі келесідей. Әр текті сымсыз желілерде «әрқашан тек жақсы байланыс» (әрқашан тек сапалы қасиеттермен байланысты болады) ұғымы абоненттік терминалдарға байланысты болып келеді де, әр түрлі сымсыз байланыс желілерінің жұмысына байланысты болады. Бұл тәсіл әр текті радио қол жетімді технологияларда виртуалды хэндовердің пайда болуымен сипатталады. Әртекті желілер ұғымы жоғарыда көрсетілген жүйедегі радио қол жетімді технологиялар арасындағы кіріс жұмысы туралы мәселесін көтереді. Сонда желіде, жерде RAT өзгерілуі талап етілмегенімен, желінің жүрегіндегі басқарушы функцияның қызметі өзгертіледі. Әртекті жүйелерде немесе әр түрлі желілердегі қолданушы термині немесе қолданушының үстемесі термині біріктірілген желі мен унифицирленген сегменттерге қол жеткізу деп қарастырылады.

IP тағайындалуы – сәйкестендірілген маршрут бойынша IP-дестелі мәліметтерді таратуын бақылауды қамтамасыз етеді. Клиенттер мен серверлар арасындағы үстемелердің қосылысы сокеттер арқылы жүзеге асады. Әрбір желінің сокеті транспорттық типтің хаттамасына, мақсатты IP адрессіне, сәйкестендірілген локалдық портқа және локалды IP адресске унифицирленген және уникалды комбинерленген.

5G жүзеге асыратын талаптар:

- спектральды эффективтілікті жоғарлату арқылы қызмет көрсетудің әрбір аясында жіберілетін мәліметтерді көлемін 1000 есе өсіру (салыстырмалы қажетті өңдеу қабілеті $ASE=1,5...60$ Гбит/с/км²);
- қосылатын абоненттік құрылғылардың санын 10 бастап 100 есеге өсіру (қол жеткізу түйініне 300 мың абоненттен бастап);
- мәліметтерді тарату жылдамдығын 10 бастап 100 есе өсіру (күтілетін мәліметтер тарату жылдамдығы 1 бастап 10 Гбит/с);
- төменгі қуатты абоненттік құрылғылардағы батарея қызмет көрсету уақытын 10 есе көбейту;
- «end-to-end» тізбегі бойынша күту уақытын 10 есе азайту (жобаланған $t_{\text{күту уақыты}}=1\text{мс}-0,1\text{мс}$);
- энергетикалық эффективтілік;
- адам денсаулығына қауіпсіздігі;
- байланыс сапасының жоғарлығы.

1.4 Тапсырманың қойылуы

Мобильді трафиктің көлемі жыл сайын тез қарқынмен өсіп келеді. Абоненттердің кез келген жоғарғы сервистік қызметті кез келген жерде, кез келген уақытта қол жеткізгісі келеді. Ол үшін сымсыз байланыстың қол жетімділік мәселесін эффективті шешу үшін жаңа, мінсіз өнімдерді жасап шығару керек. Ол үшін қолданыста бар қол жетімділік технологиясын бір тұтас жасайтын технология қажет. Ол мәселені бесінші ұрпақ желісі 5G шешу керек.

5G жобасының жүзеге асуы 2020 жылға күтіліп жатыр.

5G қазіргі қолданыста бар технологиялардың жетілдірілген түрі деп те қарастыруға болады. Ол төртінші ұрпақ беретін мүмкіндіктерді асып түсетін, өнімділік пен қызмет көрсету сапасын жоғарлататын технология болып табылады. Желі абоненттері жаңа сервирлер мен мобильдік технологияның бүкіл потенциалын максимальды түрде қолдану арқылы, операторлардың бәсекелестігін арттыра түседі.

Бесінші ұрпақтың дамуымен тек қана технологиялар емес, сонымен қатар желідегі құрылғылар мен қолданушылардың мобильдік құрылғылары да арта түседі деп болжауымыз әбден мүмкін. Өйткені, үлкен көлемдегі ақпарат пен 5G мүмкін болатын технологиялар желідегі құрылғылардың да өзгертілуін талап етеді. 5G технологиясына арналған телефондар өздеріне камера, MP 3 күй табак, видео күй табак, үлкен көлем мен т.б. қызметтерді қосады. Абоненттік құрылғылар желілік түйіндерге түрленеді деп болжалданып жатыр. Сонда гаджеттерді базалық станция арқылы емес, бір-бірімен тікелей байланыстыру арқылы, алып mesh-желі немесе гетерогенді желі жасайды. Mesh-желі дегеніміз – бір рангты, ұяшықты желі. Сонда желідегі жеке әрбір ұяшықтың өзінің өкілеттілігі бар, яғни желдігі бүкіл түйіндер бірдей.

Жаңа ұрпақтың ерекшелігі, ол кез келген спектрді қолданады және кез келген технологияны қолдана алады, яғни, заманауи сымсыз желілердегідей белгілі бір тұрақтандырылған радио-параметр болмайды. Роуминг термині тіптен жоқ болады деген болжам айтылып жатыр, ал роуминг жоқ болса онда абоненттің шығындары да азая түседі.

Берілген дипломдық жұмыс бесінші ұрпақ 5G радио қол жетімді технологиясының дамуын анализдеуге арналған. Оны жүзеге асырудың әр түрлі қадамдары қарастырылып жатыр: радиожеліге жаңа архитектура ұсыну арқылы; миллиметрлік толқындарды қолданып 5G жаңа спектр ашу; көп-өлшемді смарт анттеналар арқылы, қойылған талапқа жету; интерференцияны пайдалану арқылы, жаңа формадағы тербеліске негізделген «pCell» технологиясын қарастыру.

2 5G ұсынылып жатқан жобалар

5G (мобильдік желінің бесінші ұрпағы немесе сымсыз байланыс технологиясының бесінші ұрпағы) – телекоммуникациялық байланыс стандартындағы жаңа ұрпақ. Қазіргі уақытта 5G басылатын телекоммуникациялық компанияларда немесе стандартизация мүшелерінде, мысалы, 3GPP, WIMAX, Forum немесе МСЭ-Р сияқты, нақты айырықшамаларда немесе ресми іс-қағаздарда ресми термин ретінде қолданылмайды. NTT DoCoMo Жапон компаниясы, бұндай желілердің 2020 жылы ғана қолдануына шығарылады деп болжалданып жатыр. Олар LTE технологиясына қарағанда мәліметтер жылдамдығын жүз есе, тарату мүмкіндігін мың есе арттырады.

Адам өміріне қауіпсіздігі мен энергетикалық эффективтілігі, байланыс сапасы, күту уақыты – 5мс кем болмайды деген талаптар халықаралық телекоммуникация қоғамымен (МСЭ) расталмаған.

Берілген технологияны жүзеге асыруды көптеген инвестиция бөлу арқылы Huawei қытайлық компаниясы көш бастап келеді. Huawei компаниясының орындаушы директор Eric Xu айтуы бойынша, компания 600 млн.доллар жуық инвестиция жасау арқылы сымсыз байланыс технологиясына, мәліметтер жылдамдығын 10Гбит/с асырып түсетін технологияны жасамақшы. «Инновацияларды ашу» Мәскеу инновациялық даму халықаралық форумында, Ресейдегі Huawei компанияның президенті пайымдауы бойынша: «Мәліметтердің трафигі мен өсуіне және технологияның қиындатылуына байланысты желілерді жаңа деңгейге шығару көзделіп жатыр. Келесі ұрпақтың негізгі архитектурасы болып SDN (бағдарламалы-қамтылған желі) технологиясы болады. Сонымен қатар, Біз жоғарғы кең жолақты байланысқа қол жеткізетін барлық жерде қол жетімді болатын байланысты орнату керекпіз. Huawei 5G технологиясын зерттеп жатыр және Біз оны жақындағы 5 жыл ішінде коммерциялық қолдануға қол жетімді ете аламыз деп үмітенеміз».

2.1 5G стандартындағы цифрлық құрылғылардың байланыс жүйелердегі ерекшелігі

Өзінің уақытында Халықаралық электробайланыс одағы мобильдік қоғамды жүйелердің ұрпағын IMT белгілейтін реттік сандарды термин ретінде белгілеуді сұраған. Ертерек белгіленген терминдер «келесі жүйелер» («IMT және келесі жүйелер») және «IMT-2000 болашақ дамуы» тек уақытша қолданылатын терминдер дегенге сілтеме жасап. МСЭ-Р №56 резолюциясында «Халықаралық жылжымалы электробайланыстың атауын анықтау» терминдер аралығындағы қатынасын түсіндіретін «IMT-2000» мен «IMT-2000 болашақ дамуы», сонымен қатар келесі жүйелердің мүмкіндіктерін кірістіретін жаңа

радиоинтерфейстерді қосатын жаңа жүйелердің атауын келтіреді[3].

«5G» (мобильдік желінің бесінші ұрпағы немесе сымсыз байланыс технологиясының бесінші ұрпағы) – қазіргі ұрпақтардың (ресми 3G мен шартты кірістірілген 4G) жалғастырушысы болатын, мобильді байланыстың келесі стандарттарының кейбір зерттеуші жобаларда белгілеуге арналған, Қазіргі уақытта ресми түрде емес қолданылатын термин. Сонымен, 5G ресми термин болып табылмайды, осыған орай, қолданыстағы LTE жүйелерінің ары қарай дамытатын жаңа стандарттар, стандартизация мүшелерімен жаңа ұрпақ болып табылмайды, тек қана соларды жалғастырушы болып табылады.

Бұл талаптар МСЭ-Р[4] іс-қағаздарда алдын-ала көрсетілген және төменде көрсетілген бірнеше зерттеуші жобаларда қарастырылған. 2.1-кестеде белгіленген талаптар сандық көрсетілімдермен көрсетілген.

Кесте 2.1 - 5G желілеріне негізгі техникалық талаптар

Параметр	Мағынасы
Мәліметтерді таратудың жылдамдығының шыңы	10-50 Гбит/с (DL); 100Мбит/с-1Гбит/с (UL)
Спектральды эффективтілігі	5x (LTE-A салыстырғанда)
Радиоинтерференцидағы күту уақыты	1мс
Абоненттің мобильдігі	500 000м/сағ дейін
Абоненттің қоректенетін трафигі	500Гбит/ор дейін
Трафикті тарату тығыздығы	(1-10) Тбит/с/км ²
Абоненттік құрылғылар саны	(106-107)/км ² (300 мың/ұяшықта дейін)
Батарея қуатының өмірі	10х (М2М-энергия қоректену қуаты төмен құрылғылар үшін)
Энергетикалық эффективтілігі	(4G салыстырғанда) 10% төмендеді

Бұл талаптар (IMT TBD) қолданыстағы жүйелер 3G(IMT-2000) және 4G(IMT-Adv) (2.1-сурет төменде көрсетілген) салыстырғандағы параметрлер.



Сурет 2.1 - 5G параметрлеріне басқа жүйелермен 3G/4G салыстырғанда қойылатын талаптар

5G қойылатын негізгі талаптарды бірнеше доменге бөлу арқылы қарастыруға болады. Себебі, олар қазіргі уақытта алдын-ала қарастырылу сатысында болғандықтан, жалпы сипаттамада болады: «болжалды не болу керек». 5G талаптарының форматының ерекшеленген төрт домені:

- кіші соталармен құрастырылған радиоинтерфейс (new Air Interface (Small Cells)) – жаңа формадағы тербелістерге негізделуі керек (New Waveform), дуплекстің жаңа түрлері (New duplexing), арналық деңгейдегі қарапайым және майысқақ протоколдар (Light MAC), жоғарғы реттегі модуляциялар (Higher order modulation), ішкі жүйелік бөгеуілдердің эффективті компенсациялау әдістерінде (interference cancelation/utilization) және көп-өлшемді антенналық жүйелер (Massive MIMO);

- радиожелінің жаңа архитектурасы (new NW Architecture) – HetNet (HetNet resource allocation&management) гетерогенді архитектурасында ресурстарды басқару мен тарату, реконфигурленген радио-және желі элементтері SDR мен SDN (Software Defined Radio, Software Defined Networks), қолданушының мәліметтерін тарату мен ақпаратты басқару (қызметтік тапсырыстар) әр түрлі физикалық ортада (Physical separation between data&control planes);

- радиожилікті ресурс (Radio Frequency) – миллиметрлік диапазондағы (Millimeter wave) толқындарды қоса отырып, жоғарғы жиілікті диапазондардағы толқындарды қолдану, лицензирлеудің жаңа режимі (New Licensing regime), лицензирленген және лицензирленбеген спектрді қолдану (Licensed and unlicensed band operation), спектрді бірігіп қолдану (Spectrum sharing), сыртқы ортада және ғимарат ішінде комбинерленген спектрді қолдану (Indoor-Outdoor operation);

- интеллектуальды және адаптивті желілер (Intelligent and Adaptive Networks) – желілік ресурстарды стохастикалық және адаптивті қолдану (Opportunistic and adaptive use of resources), қол жетімді спектрді анықтау (Spectrum sensing) және оны когнитивті радио принцип бойынша қолдану (Cognitive radio and network), өзі басқарылатын (өзі конфигурируется) және автоматтандырылған желілер (Selfmanagement and automated networks, Automation (plug and play)).

Мәліметтерді жоғарғы жылдамдықпен таратын ұялы байланыс технологиясын Кореяда бүгінгі күндері жақсы нәтижемен тестілеп және өңдеп қойған. Ол технология Nomadic Local area Wireless Access (NoLA) деп аталады және ол бесінші ұрпақ 5G технологиясында қолдану мүмкін деген болжам айтылып жатыр. Бұл технология 3,6 Гбит/с жүктеме жылдамдығын қамтамасыз етеді. Бұл мобильдік жылдамдықтардың жаңа жетістігі болып табылады. Дәстүрлі сымды желілердің операторлары бұндай жылдамдық туралы армандап та көрген емес. Жаңа технология DVD-сапасындағы толықметражды фильмді бірнеше секундта жүктеуге мүмкіндік береді.

«5G» желісі екі негізі бола алатын элементтерден құрылады: Machine-to-Machine Intelligence (M2MI) Corp компаниясының технологиялық өнімі, «универсальды ретранслятор» деп аталатын; НАСА өңделіп жатқан, наноспутниктар топтарына негізделген транспортты желі.

M2MI Corp компаниясының орындаушы директоры Джеф Браун айтуы бойынша, өңделіп жатқан технологиялар Wi-Fi үстіндегі mesh принципі бойынша ғана интернет-қосылыссыз немесе телекоммуникациялық қолданусыз бен адамның көмегінсіз тұтас кеңістікте бір-бірімен тігінсіз байланысатын мобильдік құрылғылардың ортасын жасауға арналған өңделіп жатқан технологиялар болып табылады.

2.2 5G концепциясының жалпы көрсетілімі


Жалпы көрсетілім бойынша 5G технологиясы 2020 жылы қай жерде болмасын, қай уақытта болмасын ақпаратқа шексіз қол жеткізу мүмкіндігін беру керек. Оған қол жеткізу үшін, қазіргі қолда бар кең жолақты желілердегі үстемелер мен құрылғылардағы әр түрлілігін көбейте түсу керек. 5G концепциясы – ол қарапайым желілік технологияларға қарағанда маңызы зор технология. 5G сымсыз қол жеткізу ортасы ретінде және әр түрлі сценариялар жиынтығы арқылы адам мен құрылғы арасындағы байланыс ретінде қарастырылу керек. 5G желілік ортасы «Интернет заттар» (IoT – the Internet of things), «Желілік қоғам» (the Networked Society) және машина-бағдарланған коммуникациялар (M2M – machine-to-machine, D2D – device-to-device) сияқты адами шектен шығады.

Жиынтықты үстемелер нәтижесінде, 5G белгілі бір технология болмайды, болжам бойынша (көбінесе бастапқы сатыларда), ең алдымен, HSPA мен LTA

нұсқаларының дамуын мен жаңа технологияларды қоса, әр түрлі радио технологиялардың комбинациясы болады. Кейбір мәліметтер бойынша, GSM құрылғылар арасында қысқа дестелерді таратуда төменгі жылдамдықты белгілі бір рөл атқарады. Ол 2020 жылға дейін жер бетінің біраз бөлігінде маңызды рөл атқарады.

5G айтатын болсақ, ол қолданыстағы бар технологияларды ауыстыру емес, оларды жаңа технологиялармен толықтыру ретінде қарастырылады. Жалпы көріністе $5G = \text{қолданыстағы стандарттарды дамыту} + \text{жаңа технологиялар}$.

Орташа уақыттық перспективада (2020 жылға жуықтағанда) 5G мақсаттарына қол жеткізу 3G (IMT-2000) мен 4G (IMT-Advanced) жүйелерінің дамуымен байланысты болады. Олар ары қарай дамып, өздерінің функциональды мүмкіндіктерінде аса зор потенциалы бар (2.2-сурет).




Сурет 2.2 - Ұялы байланыс технологияларының өмірлік циклы

2.3 5G радиожелісіне ұсынылған жаңа архитектура

Алдыңғы тарауларда көрсетілген мәселелерді біз жаңа архитектура жасау арқылы шеше аламыз. Жаңа архитектура протоколды стектің жоғарғы деңгейлері мен қол жетімді технологиялардың желілік деңгейлерінің байласын жаңа абстракциялық деңгей қосу арқылы шеше алады. Осы абстракциялық деңгей жаңа архитектурада кілттік бола алады. Жұмысты бақылау мен қолданбалы мөлдірлік (бөгеуілсіз) функциясы немесе сәйкес келетін RAT арқылы дестелердің тікелей маршрутын бақылайды. Ұсынылып отырған функционалды архитектурада желіге бақылаушы жүйе (политикалық маршрутизатор) енгізіледі. Ол қолданушының терминалымен толықтай қатынаста жұмыс істеп отырып, желіні берілген политикаға негізделген маршрутпен және абстракті функциямен қамтиды. Сонымен бірге, бұл бақылаушы жүйе әрбір тарату технологиясы үшін сервис сапасының

мәселелерін шешетін ажыратылмайтын бөлігі болып табылады. Интернет көзқарасымен, ұсынылып отырған архитектура қол жетімді технологиялардың сапалы қасиеттерін тексеретін идеальды жүйе болып табылады. 2.3-сурет қолданыста бар протоколды стектің ішінде жаңа деңгейді күйге келтіру көрсетілген [2].



Сурет 2.3 - 5G ұсынылған архитектурадағы элементтерге протоколдар сұлбасы

Абстаркті деңгейдің желісі қол жетімді терминалға (мобильді терминал (terminal)) қол жетімді технология арқылы қосылған терминалға қолданатын IP интерфейстің үстіне салынған өңделіп жатқан IP туннельдермен қамтамсыз етеді. Іс жүзінде, туннель қолданушының терминалы мен бақылаушы жүйе арасында жасалу мүмкін. Бақылаушы жүйе берілген сұлбада Политикалық Маршрутизатор (Policy Router) деп аталады. Ол берілген политикаға негізделді. Бұл тәсілмен, клиент көзқарасынан, әртүрлі RAT технологияларына қосылған туннельдерге сәйкес номер жасалады да, клиент тек қана интернет сервер мен клиент үстемесінің арасындағы интернет коммуникацияланған сокеттермен жасалған локальды IP адрессті қана орнатады. IP пакеттердің жолы туннельдер арқылы маршруталады. Туннельдер протоколдың виртуальды желілік деңгей арқылы заңдарымен ауысатын политика ретінде жұмыс істей мүмкін. Политикалық маршрутизаторда туннельдердің орнатылуы RAT арқылы IP қосылғаннан кейін бірден орнатылады. Ол виртуальды желідегі мобильдік

терминалдың бастапқы жұмыс сатыларында орнатылған. Орнатылған туннель жоғарыда айтылған қосылыста бақылауда ұстап отырып, негізгі виртуальды желілік деңгей (немесе абстракциялық деңгей) болып табылады.


2.3.1 Берілген архитектурада функциональды ұйымдастыру мен функциональдығы

Сымсыз желілердің әртектілігін өзіне қажетті қол жетімді технологияны таңдап, пайдалану үшін, өзінің құрамына қолданушы терминалды қосады. Бұл таңдау арқылы қолданушы өзіне қажетті радио қол жетімді технологияны таңдай алады. Үрдістердің жаңа қоршаған ортада қосылуға қол жеткізуі үстеме үрдісімен тығыз байланысты. Нақтырақ айтқанда, қолданушының үстемесінің қажеттілігіне байланысты кез келген бір қосылысты орнатуды жүзеге асырғанда, сервер әдетте оны желілік деңгейге қосылу арқылы ұйымдастырады.

Берілген архитектурада виртуальды желілік қабаты қосылысты жүзеге асыратын көптеген функцияларды өзіне қосып, қолданушымен басталған қосылыстың сенімділік пен үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, виртуальды желілік деңгей бірнеше кооперативті әр түрлі функцияны жүзеге асыратын бағдарламалық қамтамасыз етілген модельдерге бөлінеді. 2.4 - суретте виртуальды желілік деңгейдегі бағдарламалық қамтамасыз етілген модельдердің блок-диаграммасы көрсетілген [2].

Қолданушы мен сервер арасындағы виртуальды желілік желінің функциясы арасында анықталған ерекшеліктер бар. Қолданушының жағында бес бағдарламалық қамтамасыз етілген модульдер бар:

- RAT-CCSM (Радио Қол Жетімді Технология – Басқарушы Бағдарламалық Қамтамасыз Етілген Модульдің Қосылуы);
- MQPBR (Политикалық Негізделген Маршруттың Мобильдік Сапасы);
- SPME (Қауіпсіздік пен Ұйымды Политикалық Басқару);
- ITNC (Кірістірілген Туннельдік Хэндовер Басқарушысы);
- QoS/QoE CM (QoS және QoE Менеджер).



Сурет 2.4 - Берілген виртуальды желілік деңгейдегі бағдарламалық қамтамасыз диаграммасы

Қарама-қарсы жақта политикалық маршрутизатор өзіне төрт модульді қосады. Олар келесілер:

- MCCSM (Басқарушы Бағдарламалық Қамтамасыз Етілген Модульдің Медиа Қосылуы);
- CQPBR (Политикалық Негізделген Маршрутизатордың орталық сапасы);
- SPME (Қауіпсіздік пен Ұйымды Политикалық Басқару);
- CPH (Қолданушыдың өңделетін профилі);
- QoS/QoE CM (QoS және QoE Менеджер).

Әрбір бағдарламалық қамтамасыз етілген модуль глобалды архитектураның ішінде өзіне берілген орынды алады. Ол арқылы соңғы функциональдылығы әр текті жүйелерде 5G үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бағдарламалық қамтамасыз етілген модульдер арасындағы жабдықтандырылған функциональдылық модульдер арасындағы нақты анықталған интерфейс арқылы және архитектураның екі жағындағы сәйкестендірілген бірдей желілер арқылы жүзеге асады.

2.4-суреттен көріп отырғаныңыздай екі жақта төрт жалпы кооператив (екі түрлі жақтан (қолданушы және сервер) модульдерді бағыттайтын) бар. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сонда, біз төрт негізгі

функциональдықты бөліп алып, солар арқылы желілік деңгейдің жұмысын жүзеге асыра аламыз.

2.4 Ұялы байланыс желілерінің бесінші ұрпағындағы 5G қолданылатын D2D-коммуникациясы

Жоғарғы тығыздықты гетерогенді Het-Nets желілік архитектурасы мобильділік байланыс желілерінің бесінші ұрпағының 5G негізі болып табылады. Гетерогенді желілерде базалық станцияның қатысуынсыз құрылғылар бір-бірімен жұмыс жасайды. Оны D2D-коммуникациясы деп атайды. Ол коммуникацияда энергия қоректенуі төмен, мәліметтер тарату жылдамдығы тез, екі абонент арасындағы күту уақыты өте аз болады. 3G және 4G мобильдік байланыс желілері мәліметтерді таратуда пиктік жылдамдықты және каналдарды спектральды тығыздауды [7] эффективті жоғарлату үшін шығарылғын еді. 5G мобильділік желіні өңдеу кезінде, оның негізінді базалық станцияның қатысуынсыз, тек құрылғылар арасындағы жоғарғы тығыздықты Het-Net желілік архитектурасы болады [8].


5G мен жоғарғы тығыздықты Het-Net желілісінің концепциясын қарастырғанда, тек қана оны технологиялық аспект ретінде емес, қауымды жақындастыратын, заманауи технологиялардың интеграциясы ретінде қарастырылады. Қолданыста бар және жаңа технологиялардың мөлдірлік интеграциясы жаңа қызметтердің пайда болуы мен қызмет көрсету сапасының жоғарлауына алып келеді. 5G стандарты органикалық интегралданған қол жетімді технологиялардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

5G стандартының шегінде алғашқы қадамдар абонентік құрылғылар осы стандартын ажырамас бір бөлігі болу керек. Қолданушылар бір-бірімен жақын орналасқанда, сонымен бірге ақпарат қолдану орнына байланысты нақты спецификалық болса (мысалы, қолданушы қоршаған ортамен тікелей ақпарат алмасқанда немесе өзара әсерлескен жағдайдағы, әр түрлі жақындағы қызметтердің іс-әрекеті) желінің инфрақұрылымына қарағанда, мәліметтерді «құрылғы-құрылғы» протоколы бойынша алмасу дұрыс болады. Желілік протоколдың басқаруының астында болған D2D протоколы, өзі D2D-трафикті басқара алғандықтан, байланыс оператор классына локальды қызметтерде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Одан басқа, D2D-протоколы инфрақұрылымды желі бұзылған кезде, локальды желіні қолдануға мүмкіндік береді.

2.4.1 3GPP консорциумның нұсқасы

Мобильдік жүйелердегі желілік технология аясында техникалық мамандандыруды жасайтын 3GPP консорциумы 2004 жылы ұзақ эволюцияның

мәселелерін шешеуге кірісті. Қазіргі уақытта 12 нұсқаға кіретін стандартын өңдеу жұмыстары аяқталып жатыр[9]. Бұл жұмыспен бір уақытта 3GPP RAN тобы келесі ұрпақтардың желілерін кемшілігінен айырумен айналасты. Қазіргі уақытта 13 нұсқаға жататын негізгі стандарттар бекітілді. Арналарды спектральды тығыздау кезінде жылдамдық жоғарлатуды қамтамасыз ететін мобильді байланыс желілерінің даму бағытының стратегиясы жүйенің ең ұзақ эволюциясы болды. 3GPP консорциумының эволюциялық нұсқасы 2.5-суретте көрсетілген.




Сурет 2.5 - 3GPP нұсқасы

LTE және D2D технологиясы шиеленісті сұрақ болып, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерімен байланысты жұмыстары жақсартты. Жоғарыда көрсетілгендерге назарға алсақ, 12 нұсқада ұзақ эволюция жүйесінде жақын орналасқан қолданушылар үшін қызметтерді D2D стандартымен қоса қолданып, локализациялауға (Proximity Services) түсініктемесі кірістірілді[9].

2.4.2 D2D-коммуникациялары

D2D-коммуникациялары – желілік инфрақұрылымсыз мәліметтерді маршруттаусыз құрылғыларды бір-біріне тікелей байланыстыруға мүмкіндік береді (сурет-2.6). D2D-коммуникациясын қосатын мүмкін болатын сценарилер басқаны есепке алмағанда, бір-бірімен өзара әсерлесетін, жақындықты анықтағанда, D2D құрылғысында қызметті локализациялау. Ондай қызметтерге жатады: әлеуметтік үстемелер; қолданушы арқылы шақырылған шартты өткізім; жарнама; жергілікті ақпарат алмасу; смарт байланыс (мағыналы, өлшенетін, нақты шарттардағы «ақылды» байланыс). D2D құрылғысы жергілікті желіге қосылған кезде ақпараттың қауіпсіздікті қамтамасыз ететін

тіректі қосатын басқа үстемелер. Сонымен бірге, 5G гетерогенді зонасының инфрақұрылымның сынуы кезінде.



Сурет 2.6- D2D-коммуникациясы

D2D-коммуникациясының күту уақытының азаю көзқарасынан желілік архитектурасының жоғарғы тығыздықты артықшылығы мен энергияны тұтынудың төмендеуі, мәліметтердің тарату жылдамдығының жоғарлауын сезуге мүмкіндік беру керек. D2D-коммуникациясы, сонымен бірге, бөгеуілдер мен мобильді басқару, қауіпсіздік пен жобалау аясындағы жаңа мәселелерді шешуге мүмкіндік беру керек. Одан басқа, бұл технологияның жетістікке жетуі келесі сценарияларға тікелей байланысты: бір-бірімен сұхбаттасатын қолданушлардың жақындығынан және жақындағы жылдары жасалатын жаңа үстемелерден.

2.4.3 Лицензирлеген жиілік диапазонындағы D2D-коммуникациясы

Лицензирлеген жиілік спектрі осы уақытқа дейін жеткіліксіз және қымбат болып келеді. Егер күтілетін сұраныстың қанағаттандыру жеткіліксіз болса, операторлар ұялы байланыс үшін қосымша арналарды қол жеткізуге мүмкіндіктер жасайды. 5G желілері қазіргі уақытта бар шарттарда желілердің өткізу мүмкіндігін ашу арқылы оны өсірудің жаңа тәсілдерін табуға көмектеседі.

D2D-коммуникациялары лицензирленген жиілік топтарында мобильді құрылғыны тек қана синхронизациялау үшін қолданған[10]. LTE желілеріне

қазіргі уақытта көңіл бөлуді қарастыра отырып, оның көрсеткіштерінің жақсартылуы, D2D-коммуникациялары лицензирленген зонасында қарастырылып, бағаланған. D2D-Aware (MIMO) сұлбасының дизайн, желілік кодтау, бөгеуілдерді тізбектей басу, D2D арқылы видеоны сымсыз тарату және т.б.

D2D зерттемесіне жауап ретінде 3GPP консорциумы LTE-Direct жобасын технико-экономикалық орнату жұмыстарымен айналыса бастады. LTE-Direct – оператордың басқарумен лицензирленген спектрінде жұмыс істейтін синхронды жүйе.

2.4.4 Лицензирленбеген жиілік диапазонындағы D2D-коммуникациясы

Оператор кез келген лицензирленбеген жиілік спектрін қолдана алмайды. Ол өндірістік, ғылыми, медициналық көзқарапен байланысты. Лицензирленбеген жиілік спектрінде Bluetooth, Wi-Fi сияқты танымал технологиялар жұмыс істейді. Олардың сымсыз персональды және локальды есептеу желілерінде (WPANs, WLAN) әйгілі болып келеді.


Қарапайым сымсыз желілерде қол жетімділік нүктесіз ресурстарды басқаратын құралдары жоқ. Арнайы қолданушының қосылыстары таратылған режимде лицензирленбеген арна топтарын таңдауды қажет етеді. Wi-Fi технологиясы QoS қызметін сапасы бойынша қанағаттандырмағандықтан жиі сынайды. Бірақ, оған қарамастан бұл технология, қолданушыларға басқа бәсекелес сымсыз технологиямен салыстырғанда эффективті жұмыс пен мәліметтерді таратудың жоғарғы жылдамдығын қамтамасыз етеді. Негізінде, арнайы қосылыстарды қол жетімділік түйінсіз тұрақты жұмыстың нәтижесі арқылы мүмкін болады. Жақын арада қолданушылардың құрылғысын қосатын Wi-Fi-Direct (WFD) технологиясы жасалды. Ол осы құрылғыларға инфрақұрылымның көмегісіз, бір құрылғыға «топтың басшысы» статусын, екіншісіне «клиент» статусын беру арқылы сұхбатты орната алады. Әрбір WFD «топтың басшысы» онымен байланысқан бүкіл WFD «клиенттеріне» синхронизацияны қамтамсыз етеді.

Көптеген қолданушылардың құрылғысы осы уақытта WFD тірегі қамтамасыз етекенімен, сигнализацияны қосымшасының шығының шамасын минимумға келтіру қажет болып табылады. Осылайша, D2D болашақ жүйелері инфрақұрылымның жағынан тірек арқылы және анау не мынау басқару формасымен олжаны ала алды. D2D құрылғысын қауіпсіздік пен аутентификациясы үшін қажетті ұялы инфрақұрылымның қауіпсіздік туралы ақпарат ретрансляцияланады [12].

2.4.5 D2D-коммуникациялардың түрлері. Негізгі техникалық мәселелер


Екі деңгейлік 5G желісі макроұяшықтың деңгейі мен құрылғы деңгейімен (device-tier) тұрады.

Макроұяшық – қарапайым ұялы жүйелердегі базалық станция BS-to-device. Құрылғы D2D-коммуникациясын тірекпен қаматамсыз ете алады делік. Егер құрылғы ұялы желіге базалық станция арқылы қосылса, онда мұндай құрылғылар макроұяшықтың деңгейінде жұмыс істейтін құрылғы деп аталады. Егер құрылғы тікелей басқа құрылғыларға қосылса немесе басқа құрылғылармен әрекеттесіп жұмыс істесе, ондай құрылғылар құрылғы деңгейінде жұмыс істейтін құрылғылар деп аталады. Тығыз орналасқан аудандарда құрылғылар бір-бірімен жұмыс жасауға мүмкіндік алып, ad hoc немесе mesh-желілерін жасайды [12].




Сурет 2.7 - Басқа құрылғылардың көмегімен ақпаратты базалық станция мен өзара әсерлесетін құрылғыларды ретрансляциялау

Коммуникация деңгейінің екінші түр құрылғысы – DC-OC құрылғысы (Direct D2D Communication with Operator Controlled link establishment). Ол D2D құрылғысымен тікелей өзара әсерлесу орнына ие. Бұндай қосылыс кезінде ақпаратты аламасу қабылдаушы мен қайнар көзі арасында базалық станция көмегінсіз болады[12], бірақ олардың өзара әсерлесуі оператормен координаталады (сурет 2.8).




Сурет 2.8 - D2D-құрылғыларының тікелей өзара әрекеттесуі

Коммуникация деңгейінің үшінші түр құрылғысы – DR-OC құрылғысы. Құрылғы қайнар көзі және қабылдаушы ретрансляторды қолдану кезінде өзара әрекеттесудің координациялауға жауап береді [12]. Бұндай қосылыс кезінде, қосылысты орнатуда оператор қатыспайды (сурет 2.9).



Сурет 2.9 - Ретрансляция құрылғысы арқылы тұтынушы мен қайнар көзінің өзара әрекеттесуі

